

"Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 28 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 17 қазандағы № 157 қаулысы

Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 28 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

"Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің 15-тармағының 2-тарауы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) ауданның мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды өткізеді".

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарын хабардар етуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауданының әкімі

Ж. Таукенов